



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 93 (8479) Сенбі 24 қыркүйек 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ КАТАН БАҚЫЛАУДА



Сәрсенбі күні аудан әкімдігінің мәжілістер залында жылыту маусымына дайындық бойынша штаб отырысы болып өтті. Аталмыш штабтың төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Ә.Қылыбаев жүргізген жиынның негізгі мәселелері: 2016-2017 жылдардағы қысқы жылыту маусымына әзірлік барысы және аудандағы әлеуметтік нысандардың қысқы жылыту маусымына дайындығы болды.

таңда кейбір мектептердің қазандықтарына қатысты проблемалар шешілу үстінде» деді Дәмеш Шайхықызы. Мектептер мен балабақшалардың айналасын тазарту шаралары дәстүрлі түрде атқарылса, қажетті оқу ошақтарына көмір жеткізіліп, шатырлары бүлінген мектептерде жанарту жұмыстары істелінген.

Отырыста мәдениет ошақтарының жылыту маусымына дайындығы да сөз етілді.

Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Рашид Қойлыбаев қыс қырастында екендігін, қылышын сүйретіп келетін қысқа бүгіннен қам жасаудың тиімділігін тілге тиек етті.

Отырысты қорытындылаған жылыту маусымына дайындық бойынша штаб отырысының төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Ә.Қылыбаев аудандағы әлеуметтік нысандардың басшыларына қысқы жылыту маусымына дайындық паспорттарын алу үшін комиссияға құжаттарды ұсынуды талап етті, қысқа



дайындық қатаң бақылауда болатындығын айтып, тиісті тапсырмалар берді.

Өз тілшіміз.

«Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ НӘТИЖЕЛІ ӨТТІ

М.МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

Аптаның дүйсенбісі күні «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша азаматтарды бірыңғай қабылдау күні» республикалық акциясы ұйымдастырылған болатын.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы мен аудан әкімдігі «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйытқы болуымен өткізілген қабылдау барысында аудан тұрғындары арасында кең көлемде құқықтық көмек көрсету және кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда, қоғамдық қабылдауға келушілердің бірі - Дихан ауылының тұрғыны Шалабай Ибраимов еңбек жасындағы балаларының жұмыссыз жүргендерін алға тартып, мемлекет тарапынан берілетін несиелер туралы, ал Жетібай ауылының тұрғыны Жамбылбай Сәрсенбеков құжаттарын несиелер алуға өткізгенін айтып, құжаттар жинау барысында үйдің төлқұжатының уақытша құрылысының бар екеніне байланысты тез арада анықтама алуға ықпал етуін сұранды. Қоғамдық қабылдауға келген жоғарыда аталған азаматтардың өтініштері толық қанағаттандырылды. Сондай-ақ қоғамдық қабылдаудың оңды нәтижесінде осыдан екі ай бұрын жұмыссыз болып орталыққа тіркелген түймекенттік тұрғын Төлебаева Нұрсұлу Түймекент ауылындағы №1 орта мектепке

кіші қызметкер ретінде жұмысқа орналасуға мүмкіндік алса, үш ай бұрын жұмыссыз ретінде орталыққа тіркелген математика пәнінің мұғалімі, сарыкемерлік тұрғын Нұрадинова Әсем Н.Ақшабаев атындағы орта мектепке жолдамамен қамтылды. - Республикалық акция барысы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жағандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауы тақырыбын қамтыды. Азаматтарға әлеуметтік қолдауды кеңейту мақсатында еңбекпен қамтудың жаңа жол картасы дайындалып, қаржыландыру көлемі ұлғайтылатын болады. Бұл жергілікті инфрақұрылымдарды дамыту мен елді мекендерді абаттандыру жобалары есебінен еңбек рыногының тұрақтылығын қамтамасыз етпек.

Партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінде мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерімен бірлесіп отырып, атаулы әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға көрсетілетінін ескеріп, «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасында қарастырылған қолдау бағыттарын (қайта оқу, еңбекпен қамту) түсіндіру, тиісті кеңестер беріліп, заңнама нормалары түсіндірілді, - дейді бізге берген сұхбатында аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтақова.

Мұндай тақырыптық акцияны өткізудің өзектілігі - «Нұр Отан» партиясының аудан тұрғындарына «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасын іске асырушы операторлар болып табылатын мемлекеттік органдар мен тікелей жүзделуге мүмкіндік туғызғанын атап өтуге болады.

КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ,
«Ауыл жаңалығы».

Қазіргі уақытта елімізде барлық әлеуметтік маңызды салалардың жұмысын жүзеге асыратын 5000-ға тарта үкіметтік емес ұйымдар қызмет етеді. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың Тұжырымдамасы бекітілген болатын.

Аталмыш Тұжырымдама үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаты мен басымдықтары және оларды жүзеге асырудың тетіктері мен деңгейі айқындалды. Сондай-ақ осы Тұжырымдаманың негізгі мақсаты - еліміздегі үкіметтік емес ұйымдардың тұрақты дамуына жағдай туғызу және

мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау мен өзара іс-қимыл негізінде олардың қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешудегі рөлін арттыру болып табылады.

Осыған орай, аптаның сәрсенбісі күні, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалында аудан әкімі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес отырысы болып өтті.

Кеңес отырысының күн тәртібіне аудандағы үкіметтік емес ұйымдардың атқарған жұмысы туралы мәселе



шығарылып, оған қатысты аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Махамбетов баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде аудан аумағындағы үкіметтік емес ұйымдардың

есепті мерзімде атқарған жұмыстарына жан-жақты тоқталды.

Баяндама аяқталған соң «Ақбұлақ» қоғамдық бірлестігінің төрайымы

Н.Рахмиева, орыс этномәдени орталығының жетекшісі Л. Горр жарыссөзге шығып, өз салалары бойынша хабарлама жасады.

Отырыс соңында оған қатысушылар күн тәртібіндегі мәселеге байланысты ұсыныстарын ортаға салып, пікір алмасты.

Кеңес отырысына аудан әкімі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің мүшелері, қоғамдық бірлестіктердің төрағалары, этномәдени орталықтардың жетекшілері, аудандық ардагерлер кеңесі мен Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің мүшелері, жастар орталығының нұсқаушылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

«ЭКСПО-2017» көрмесінде ұсынылатын

«ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР АЙМАҒЫ» үшін
20-ДАН АСТАМ ҮЗДІК ЖОБАЛАР ТАҢДАЛДЫ

2016 жылғы 15 қыркүйекте Radisson отелінің Сарыарқа залында Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталес, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының Басқарма төрағасының орынбасары Ербол Шорманов және



EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

2006 жылғы физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смуттың қатысуымен баспасөз мәслихаты өткізілді. Іс-шара «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны үшін энергия саласындағы

іріктеу мен қатысу шарттары талқыланды.

Жалпы ұйымдастырушыларға әлемнің түкпір-түкпірінен 132 өтінім келіп түсті. Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталес жұмыстағы айтарлықтай қарқынды атап өтті. «ЭКСПО құрылыс нысандарының қарқынды, тақырыптық

павильондардың мазмұнын, халықаралық қатысушылардың осы жылдың қазан айында еркін орналаса бастайтындығын көріп үлкен әсер алып отырмын. Барлық жұмыстар аяғына жетіп қалды» - деді өз сөзінде В. Лоссерталес.



дүниежүзінде қазір қолданыста бар үздік тәжірибелер ұсынылатын байқау қорытындыларына арналды.

Баспасөз мәслихатының қатысушылары атап өткендей, «Болашақ энергиясы» тақырыбын ашып көрсете алатын басты тақырыптық нысандардың бірі «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны болып табылады (eBPa).

Жобаларды іріктеу мақсатында арнайы Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Лоссерталестің Төрағалығымен Халықаралық іріктеу комиссиясы құрылған болатын. Комиссия құрамында Нобель сыйлығының лауреаттары, энергетика саласындағы сарапшылар мен ғалымдар, сондай-ақ «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының қызметкерлері бар.

Ұсынымдарды қабылдау 2016 жылдың қантар айында жарияланып, үстіміздегі жылдың 15 тамызында тәмамдалды. Халықаралық іріктеу комиссиясының алғашқы отырысы 2015 жылдың 9 желтоқсанында Париж қаласында өткізілді. Ол басқосуда

Халықаралық іріктеу комиссиясының жұмысы бойынша Берклидегі Калифорния университетінің профессоры, Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Фицджеральд Смут: «Біз 4 сағаттан аса ақылдастық, барлық жобалар қызықты еді. Олар шын мәнінде көрмеге келген қонақтарды таң қалдырып, тіпті олардың қасында тұрып әр елдің мемлекет басшылары суретке түседі деп ойлаймын» - деді.

Халықаралық іріктеу комиссиясының қорытындысы бойынша 20 жоба байқау жеңімпаздары атанды. «Үздік практикалар аймағы» павильонында орналастырылатын болады.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ 2013 жылы 15 қаңтарда ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмені дайындап өткізу мақсатында құрылды.

Қосымша ақпарат алу үшін Қоғаммен байланыс департаментіне: тел.: +7(7172)938765, e-mail: pr@expo2017astana.com, www.expo2017astana.com хабарласыңыз.

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ 25 ЖЫЛЫ

ЖАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ
ӘСПЕТТЕЛДІ

О С Ы
А П Т А Н Ы
СӨРСЕНБІСІНДЕ БАЙЗАҚ
АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ
ДАМУЫ БӨЛІМІНІҢ
ҰЙЫТҚЫСЫМЕН, ӘЛ-ФАРАБИ
АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ
ҮЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН
ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ
КҮНІНЕ ОРАЙ ЖЫЛ САЙЫН
ӨТЕТІН «ХАЛЫҚТАР
ДОСТЫҒЫ» ФЕСТИВАЛІ
ӨТТІ.

Кең байтақ қазақ жерін мекен еткен 140-тан астам этнос өкілдерінің бірлігі мен татулығын ұлықтаған шара шымылдығын мың бұралған бишілер ашты. Одан соң аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С.Сыздықов фестивальге қатысушыларды тіл мерекесімен



дамытуға қосқан үлесі үшін орыс, түрік, кәріс этномәдени орталық жетекшілері Л. Горр, М.Раджамов және Н. Шинге Алғыс хат пен бағалы сыйлықтарды табыстады.

Сондай-ақ Бурыл өнер мектебінің «Құлпынай» би ұжымының жетекшісі М.Ештаеваға, аудандық балалар

бірге ауылдық клуб меңгерушілерінің дайындауымен шешен, қырғыз, белорус, өзбек, грузин, тәжік, күрді, украин, латыш, татар ұлттары болып, ауыл өнерпаздары өнер көрсетті.

Бір жарым сағатқа созылған «Халықтар достығы» фестивалінде 19 ұлттың өндері шырылалып, билері биленді. Қызыл жұлдыздық А. Зулуфов түрік халқының, ал Сазтерек округінен келген Д. Ұзақова қырғыз халқының «Еламан» әнін тамылжыта шырылалды.

Фестиваль барысында көрермендер назарына қазақ жерін мекен еткен түрлі ұлттардың Туы мен Елтаңбасы, көрнекті қалалары мен астанасы слайд арқылы ұсынылды.

Мерекелік шара соңында Бурыл өнер мектебінің өнерпаздары қазақ жерінде бірлігі мен татулығы жарасып, бір шаңырақтың астында татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатқан ұлттардың ақжарма тілегі бимен жеткізілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ПРОЕКТ ЗАПУЩЕН

В рамках проекта «STOP - Қылмыс» Байзакский филиал партии «Нур Отан» совместно с представителями ювенальной полиции района провели акцию «Безопасная дорога».

Республиканская акция «Безопасная дорога» проходит ежегодно и уже стала традиционной. Она проводится с целью правового просвещения и осведомления населения по вопросам обеспечения дорожной безопасности, формирования

останавливал автомобили, а юные дружинники обращались к водителям транспортных средств с призывом: соблюдать скоростной режим и быть дисциплинированными участниками дорожного движения. Также они задавали вопросы водителям по Правилам дорожного движения, и в случае правильного ответа вручали медали: «Лучший водитель», «Грамотный водитель». Юные дружинники раздавали всем участникам данной акции разъяснительные буклеты и призывали быть очень внимательными за рулем. По словам одного из участников акции - водителя М.Ильасова: «Когда движемся на большой скорости, должны понимать, что этим самым подвергаем свою жизнь и жизнь других серьезной опасности».

При подведении итогов, принимавшая участие в акции первый заместитель председателя Байзакского филиала партии «Нур Отан» Ш.Байтакова заключила: «Такие важные акции – всегда на слуху общества и привлекают внимание общественности к такой проблеме, как безопасность на дорогах. Они призывают людей соблюдать меры безопасности, поэтому такие мероприятия будут проводиться и впредь».

Данная акция показала, что новый импульс безопасности дорожного движения обеспечен.

НАШ корр.



в обществе нулевой терпимости к дорожным правонарушениям, оказания правовой помощи населению по широкому кругу интересующих их вопросов, в том числе разъяснения нововведений в Правилах дорожного движения и вопросах безопасности на дороге.

В акции также приняла участие партийная организация Ульяновской средней школы, во главе с её руководителем Д.Мельдибековой. К мероприятию были привлечены юные дружинники школы, которые и были главными действующими лицами.

Совместная работа партийцев, сотрудников правоохранительных органов и юных дружинников началась на трассе Сарыкемер – Тараз, поворот Ульянов.

Инспектор ювенальной полиции, капитан М.Токабаев, принимавший участие в акции,

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ
ТҰҒЫРЛЫ БОЛСЫН

Н. ДӘУЛЕТБАЕВ,
№28349 әскери бөлімінің
күзет және такалаждық
жұмыс взводының бөлімше
командірі.

1991 жылғы 16 желтоқсанда әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет-Қазақстан Республикасы пайда болды. Осы бір асыл арманды ақиқатқа айналдырудың зор құрметі біздің ұрпақтың үлесіне тиіп отыр. Біз әлемдік қоғамдастық лайықты түрде таныған өзіміздің қазақстандық жолымызда бастадық. Қазақстан өзінің оң жетістіктерін, өзінің іркіліссіз ілгері басуын жыл сайын әлемге паш етуде. Быыл ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр.

Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар-ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы-өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс. Бұл еркіндік сүйгіш, патриоттық дәстүр 16 желтоқсан оқиғаларына дейін жалғасты. Осылайша бұл тәуелсіздік күнінің оңайлықпен келмегенін білеміз. Елбасымыз өткен дәуірдегі қағармандық оқиғалардың тізбегін таяудағы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арнаған сөзінде: «Ұлы далада бірінен соң

бірі толас таппай жүріп жатқан 200-ге тарта көтерілістер эстафетасы, біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастау көздері» деп бағалаған болатын. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хан-сұлтандары мен батырларын тарихқа өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалар ретінде ардақтап, олардың өлмес рухын ұлт мақтанышы ретінде күні бүгінге дейін жеткізді. Бұл қасиетті шежіре – бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу-бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы болып табылады.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты да көреген саясатының нәтижесі - еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр. Сондықтан ел тәуелсіздігінің



жиырма бес жылдығы жас мемлекетіміз үшін-біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады.

Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қағармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, отанымыз-Қазақстанға деген құрметтеу сезімін әкелетін мерекеді алға қарай тағы да берік сеніммен қарай, болашақтың тыныш өмірінің негізін қалау үшін қазір де бұл бағыттағы іс-әрекетті жалғастыру керек.

Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі таңда патриоттық дәстүрге сай келетін жаңа талаптарды қойып отыр. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр.

Ендеше әрқашан да әрқайсымыздың «кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың» тәуелсіздігіне 25 жыл толуы құтты болсын, көк аспанымызбен асқан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін дегім келеді.

